

"Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің Заң шығару институты" мемлекеттік мекемесін қайта ұйымдастыру туралы

Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2000 жылғы 28 ақпан N 314 қаулысы

Заң жобалау қызметін институционалдық нығайтуды жүзеге асырудың тиімділігін арттыру және жалпы ұлттық даму стратегиясын іске асыру, сондай-ақ Қазақстан Республикасында заң жобасы және сараптамалық жұмысты ретке келтіру мақсатында Қазақстан Республикасының Үкіметі қаулы етеді:

1. "Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің Заң шығару институты" мемлекеттік мекемесі жарғылық капиталда мемлекеттің 100-проценттік қатысуымен "Қазақстан Республикасының Заң шығару институты" жабық акционерлік қоғамына (бұдан әрі - Заң шығару институты) қайта құру жолымен қайта ұйымдастырылсын.

2. Заң шығару институтының негізгі міндеттері Қазақстан Республикасы заңдарын дамытудың ғылыми тұжырымдамасын әзірлеу, Қазақстан Республикасының Үкіметі мен орталық атқарушы органдарының қызметін құқықтық қамтамасыз ету саласында зерттеу жүргізу болып белгіленсін.

3. Қазақстан Республикасы Қаржы министрлігінің Мемлекеттік мүлік және жекешелендіру жөніндегі комитеті заңдарда белгіленген тәртіппен:

1) Заң шығару институтының жарғысын бекітсін және оны әділет органдарында мемлекеттік тіркеуді қамтамасыз етсін;

2) Заң шығару институты акцияларының мемлекеттік пакетіне иелік ету және пайдалану құқықтарын Қазақстан Республикасының Әділет министрлігіне берсін;

3) осы қаулыны іске асыру жөніндегі өзге де шараларды қабылдасын.

4 . < * >

Ескерту. 4-тармақтың күші жойылды - ҚР Үкіметінің 2004.10.28. N 1120 қаулысымен.

5. Осы қаулы қол қойылған күнінен бастап күшіне енеді.

Қазақстан Республикасының

Премьер-Министрі